

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ



БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы -

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ

Ректоры, ф.д., профессор

Н.О. Дулатбеков

2023 ж.



**МЕКТЕП ЖӘНЕ ГИМНАЗИЯ ОҚУШЫЛАРЫ
АРАСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН АЙМАҚТЫҚ
BUSINESS-THINKATON «BUKETOV TEENASTUS»
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕ**

Қарағанды
2023

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Мектеп және гимназия оқушылары арасында аймақтық Business-Thinkaton «Buketov Teenactus» ғылыми жобалар байқауын өткізу және ұйымдастыру туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) байқаудың мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін, шарттарын айқындайды.

1.2 Мектеп және гимназия оқушылары арасында өтетін аймақтық Business-Thinkaton «Buketov Teenactus» байқауы жалпы білім беретін мектептердің 10-12 сынып оқушыларының экономикалық бағыттағы олимпиадасы форматында өткізіледі.

1.3 Байқау ұйымдастырушылары: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Экономика факультеті, экономика факультетінің жас ғалымдар кеңесі, экономика факультетінің студенттер және магистранттар ғылыми бірлестігі.

1.4 Байқау серіктестері: Қарағанды облысының Білім басқармасы, Қарағанды облысының білімді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды облысы «Атамекен» кәсіпкерлердің аймақтық палатасы.

1.5 Байқауды басқаруды, дайындауды және өткізуді «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ экономика факультетінің деканы жүзеге асырады.

1.6 Байқау тілдері: қазақша, орысша, ағылшынша.

1.7 Өткізу мерзімі: **2023 жылдың 05 мамыры.**

1.8 Өткізу нысаны: **күндізгі, онлайн.**

1.9 Байқауды дайындау және өткізу туралы ақпарат «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ сайтында – www.buketov.edu.kz және экономика факультетінің әлеуметтік желілерде орналастырылады:

- Instagram: @economksu

- <https://www.facebook.com/economic.faculty.501>

2. БАЙҚАУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқаудың мақсаты: жастардың ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік бастамаларын, көшбасшылық қасиеттерін, әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіпкерлігін іске асыру үшін жағдай жасау және білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- оқушылардың ғылыми шығармашылық саласындағы жетістіктерін, ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін көрсету және насихаттау;

- жастардың инновациялық идеяларын анықтау;

- жастардың экономикалық сауаттылығын арттыру;

- мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік қызметке тарту;

- жастарды коммерцияланатын ғылыми жобаларды әзірлеуге және іске

асыруға қатысуға ынталандыру;

- іс-шара байқауға қатысушыларға тәжірибе алмасу және бизнес-жоспарлау саласында қосымша мәліметтер алу үшін алаң беру;
- дарынды балалармен жұмыс мәселелері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу.

3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1 Business-Thinkaton «Buketov Teenactus» қатысушылары –мектеп, гимназия, лицейлер жоғары сынып оқушылары (10-12 сыныптар).

3.2 Байқауға қатысу қатысушылар үшін ерікті және тегін болып табылады.

3.3 Байқауға 3 адамнан тұратын командалар қатыса алады. Бір оқу орнынан 1 командадан артық емес мәлімделуі мүмкін.

3.4 Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушының тиісті мәртебесін құжаттық растауды талап етуге құқылы (оқу орнының оқу сыныбы көрсетілген оқушының мәртебесін растайтын анықтамасы, оқушы билеті және т. б.).

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы құрылады.

4.2 Ұйымдастыру комитеті «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ экономика факультеті кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамынан құрылады. Қазылар алқасының құрамына «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ экономика факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ экономика факультетінің түлектері, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және бизнес-қоғамдастықтың өкілдері кіреді және оларды Басқарма төрағасы - Ректор бекітеді.

4.3 Байқаудың ұйымдастыру комитетінің төрағасы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болып табылады.

4.4 Байқауды жедел басқаруды ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары немесе жауапты хатшы жүзеге асырады.

4.5 Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды орындайды:

- байқауды өткізу регламентін бекітеді;
- қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетіне бір мезгілде мүшелікке жол берілмейтінін ескере отырып, қазылар алқасының құрамын қалыптастырады;
- байқау іс-шараларын тікелей өткізуді қамтамасыз етеді;
- байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;

- байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттайды;
- байқау кестесі, қатысушылар құрамы, жеңімпаздар мен жүлдегерлер туралы ақпарат пен регламентке еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
- қатысушыларға арналған тапсырмалар мен оқу-әдістемелік материалдар жиынтығын әзірлейді;
- бағалау критерийлері мен әдістерін анықтайды;
- байқауды өткізу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.6. Байқаудың қазылар алқасы келесі функцияларды орындайды:

- қатысушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелерін критерийлер бойынша тексереді;
- байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатураларын анықтайды;
- ұйымдастыру комитетіне байқауды ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- байқауды өткізу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.7 Байқаудың қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді және қорытынды нәтижелер туралы бұйрықты дайындау үшін Ұйымдастыру комитетіне беріледі.

4.8 Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

5.1 Байқау өтінімдері **2023 жылғы 18 сәуірге** дейін №1 қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтінімді электрондық поштаға жіберу жолымен электрондық түрде беріледі - **forumksu17@mail.ru**. Немесе <https://forms.gle/NGqgUjmWwKe9adgT6> сілтемесіне жіберіледі.

5.2 Business-Thinkaton ғылыми байқауы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-та жобаларды көпшілік алдында қорғау нысанында өткізіледі.

5.3 Байқауға шығармашылық жобалар (бейне- және аудиороликтер мен презентациялар форматында) ұсынылуы мүмкін.

5.4 Ғылыми жобаларды бағалау критерийлері:

- өзектілігі (5 ұпай);
- инновациялық (3 ұпай);
- бірегейлігі (3 ұпай);
- жобаның коммерциялық іске асырылуы (идеяны "сату" мүмкіндігі) (3 балл);
- инвестициялық тартымдылық (3 балл);
- масштабталуы (3 ұпай);
- жобаны ұсыну шеберлігі (3 ұпай);
- презентацияның мазмұны (3 ұпай);
- материал берудің өзіндік ерекшелігі (3 балл).

5.5 Ғылыми жобаларды қорғау қатысушылардың жеке зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша көпшілік алдында сөз сөйлеуін көздейді.

5.6 Сөз сөйлеу графиктерді, формулаларды, иллюстрациялық материалдарды және эксперименттік қондырғыларды көрсетумен қатар жүруі мүмкін.

5.7 Байқауға қатысушыларға сөз сөйлеу үшін 5-7 минут, сұрақтарға жауап беру үшін 3 минут бөлінеді. Қатысушыларға сөз сөйлеу алдында сараптамалық комиссияға жұмыс пен үлестірме материал ұсыну ұсынылады.

5.8 Байқау құжаттары ұйымдастырушыда сақталады және кері қайтарылмайды.

5.9 Әрбір команда байқауға 1-ден артық емес жоба ұсына алады.

5.10 Қатысушы ұйымдастыру комитетіне өтінімді жібере отырып, онда келтірілген мәліметтердің коммерциялық және өзге де құпияның жоқтығын растайды және өзінің әзірлемесі болып табылады және жоба туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге (оның ішінде байқау жұмыстарының фрагменттерін интернет парақшаларда, ақпараттық басылымдарда орналастыру жолымен, сондай-ақ авторды немесе авторлық ұжымды міндетті түрде көрсете отырып, байқау жұмыстарды жариялау жолымен) өз келісімін береді.

6. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ

6.1. Жеңімпаздарды марапаттау туралы қорытынды шығаруды қазылар алқасының ұсынысы бойынша байқаудың Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.2. Ең жоғары қорытынды балл жинаған қатысушылар жеңімпаз деп танылады.

6.3 Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі жеңімпаз дипломдарымен, ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

6.4 I, II және III орын алған байқау жеңімпаздарына «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (2-қосымша) оқуға түскен білім алушыларға оқу үшін жеңілдіктер беру туралы Ережеге сәйкес олимпиадалық жарыс бейініне сәйкес келетін білім беру бағдарламаларына ҰБТ сәтті өткен жағдайда «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ жеңілдіктер беріледі (https://up.ksu.kz/info/file/korpor_doc/3.pdf).

6.5 Жеңімпаз(-дар) экономика факультетіне түсуден (оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысына түскендер) бас тартқан жағдайда, ол «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ жеңілдігінен бас тарту туралы өтініш жазып, бұл туралы ұйымдастыру комитетіне хабарлауға міндетті (2023 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде). Бұл жағдайда жеңілдік олимпиадалық жарыстың бейініне сәйкес келетін білім беру бағдарламаларына ҰБТ сәтті өткен жағдайда байқаудың қорытынды балдары бойынша қалыптастырылған резервтік тізімді ескере отырып, келесі қатысушыға көшеді (2-қосымша).

6.6 Байқау комиссиясы байқауға қатысушыларды марапаттау үшін қосымша номинацияларды бекітуге құқылы. Орындардың болуы және саны осы Ережемен регламенттелмейді.

6.7 Осы Ереженің немесе регламенттің қолданылу аясынан тыс қалған барлық даулы мәселелерді байқаудың ұйымдастыру комитеті жедел тәртіппен шешеді. Ұйымдастыру комитеті төрағасының осындай мәселелер бойынша шешімі түпкілікті болып табылады.

6.8. Байқауда қорғалатын жобалар материалдарының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс. Басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын материалдар көпшілік алдында қорғауға жіберілмейді.

6.9 Байқауға қатысатын жұмыстар бойынша авторлық құқықтың сақталуына қатысушы (команда) және ғылыми жетекші жауапты болады.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР


7.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қосымша ақпаратты +77012925568 (ұялы) телефон арқылы алуға болады. E-mail: forumksu17@mail.ru

7.2 Байқауды өткізу мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Университетская к-сі, 28 үй, «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ бас корпусы, экономика факультеті (4 қабат).

7.3 Осы Ереже байқаудың ұйымдастыру комитетінің шешімімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Мектеп және гимназия оқушылары арасында өткізілетін аймақтық Business-Thinkaton «Buketov Teenactus» ғылыми байқауын өткізу және ұйымдастыру туралы Ереже «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ экономика факультеті кеңесінің отырысында қаралды, 2023 жылғы 27.01 № 6 хаттама.

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың
экономика факультетінің
кеңесінің төрайымы,
э.ғ.к., профессор



Ж.С. Хусаинова

Қосымша 1

Мектеп және гимназия оқушылары арасында
өткізілетін аймақтық
Business-Thinkaton «Buketov Teenactus»
ғылыми байқауына қатысуға өтінім

Қатысушы (ТАЖ)	
Мектеп	
Сынып	
Жұмыс жетекшісі (ТАЖ)	
Лауазымы	
Зерттеу жұмысының тақырыбы (жоба/стартап)	
Білім беру ұйымы жетекшісінің ТАЖ	
Жұмысты қорғау тілі (қазақша, орысша, ағылшынша)	
Қатысушының электронды адресі, телефоны	
Ғылыми жетекшінің электронды адресі, телефоны	

Мектеп директорының қолы, оқу орнының мөрі

*Бір оқу орнынан 1 командадан артық ұсынылмауы мүмкін. Команда 3 адамнан аспауы керек.

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
экономика факультетінің білім беру бағдарламалары
және олардың бейіндік пәндері

Білім беру бағдарламалары (мамандықтар)	Бейіндік пәндер
Экономика	География және математика
Әлемдік экономика және кедендік реттеу	География және математика
Кәсіпкерлік және жобаларды басқару	География және математика
ІТ-кәсіпкерлік және цифрлық экономика	Информатика және математика
Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау	Физика және математика
Қаржы	География және математика
Есеп және аудит	География және математика
Мемлекеттік аудит	География және математика
Менеджмент	География және математика
Мемлекеттік және жергілікті басқару	География және математика
Маркетинг және SMM	География және математика
Логистика	География және математика
Туризм	Ағылшын тілі және география
Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	Ағылшын тілі және география